

"ҚБББСІДІ»  
"Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің  
Ғ. Қайырбеков атындағы №9 ЖББМ" КММ  
басшысы Н. А. Молдахаликов



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері  
туралы талдамалық анықтама

Қостанай қаласы

13.01.2022

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығын орындау мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды:

***"Персоналды басқару»***

«Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің Ғ. Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беру мектебі» КММ 79 маман қызмет атқарады. Оның 76 жоғары білімді, 3 орта-арнаулы білімді. Мұғалімдердің орташа жасы 39.4 кұрайды. Ұлттық кұрамы 79 қазақ. Соңғы 5 жылда 76 мұғалім кәсіби біліктіліктерін жоғарылату курстарынан өткен. Тек 3 мұғалім ғана, жас маман дене шынықтыру мұғалімі Ундрисов М.А., биология пәні мұғалімі Жоломанова Д.К, ағылшын тілі мұғалімі Советова А.С., курстан өтпеген. Ол мұғалімдер екінші жыл қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі» заңына сәйкес 2 жас маманға тәлімгерлік көрсетіледі. 2020 жылғы 1 қыркүйек айындағы мектепшілік №139 бұйрыққа сәйкес «тәлімгерлік» қызмет атқарылып отыр. Мектепте пән мұғалімдері арасында 26 педагог-зерттеуші, 20 педагог-сарапшы, 12 педагог- модератор, 1 жоғары санатты, 1 бірінші санатты, 2 екінші санатты, санаты жоқ 11 мұғалім бар. 2021 жыл 11 қараша мен 13 қаңтар аралығында өз еркімен жұмыстан кеткен 1 мұғалім. Ешқандай қызметші осы мерзім ішінде тәртіптік жауаптылыққа тартылмады. 2021 жылы II жартыжылдықта 11 мұғалім өз біліктілігін көтеруге арыз берген. Барлық мемлекеттік қызметтер ХҚКО арқылы жүзеге асырылды. Мектеп мұғалімдеріне Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым

саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттау туралы ереже уақытында түсіндіріліп, таныстыру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Мектептің ресми сайтында, инстаграм ресми парақшасында осы ережемен танысуға болады. Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, мектеп мұғалімдері 2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз. Мектепте мүдделер қақтығысы жоқ. Осылайша, мұғалімдердің қызметі Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңын, мұғалімдердің Әдеп кодексін іске асыруға бағытталған. Жалпы, мектеп мұғалімдерінің қызметі қойылған міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар техперсонал саны 29.

### ***"Мемлекеттік қызмет көрсету»***

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартқа сай жүргізіледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің білім беру ұйымы;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 жұмыс күн аралығында, ал құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек 15 минут аралығында жүргізіліп отырады. Көрсетілетін қызметтің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) құжатты жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушының білім беру ұйымы басшысының атына жазылған құжаттың жоғалу жағдайы немесе басқа да себептері көрсетілген өтініші;
- 2) кәмелетке толмаған баланың ата-анасының (заңды өкілінің) жеке куәлігімен бірге туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын құжат;

2021-2022 оқу жылы бойынша 1 азаматқа "Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қызмет алушылардың біреуі мемлекеттік корпорация арқылы жүргізілді. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы тіркеу журналы уақытында жүргізіліп отырады.

Қазіргі уақытта қызмет алушылардың өтініш бергенін «Мемлекеттік қызметті автоматтандыру» сайтында қарап, күнбе-күн қадағалап отыруға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 маусымда № 20899 болып тіркелді. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арқылы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) қағаз түрінде жүзеге асырылады. "Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру оқуға ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" және "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды. Баланың немесе білім алушының ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері баланың немесе білім алушының тілегі, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып және қабылдау шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарын таңдайды. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама (құжаттарды қабылдау не дәлелді бас тарту) жіберіледі. Мемлекеттік қызмет электрондық мектеп sakura мен egovkz арқылы жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылы мектепке бала қабылдау 121 балаға мемлекеттік қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы тіркеу журналдары уақытында толтырылып отырады.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығының 3-қосымшасы



негізінде жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылының I тоқсанында денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын 2 оқушыға үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылданып мемлекеттік қызмет көрсетілді. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі қабылданып тіркелді. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі: құжаттарды қабылдау туралы колхат (еркін нысанда) берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы №684 бұйрығына 9- қосымшасы «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.

Әкімдіктің 2018 жылғы 27 маусымдағы №300 қаулысына 12 қосымшасы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарын тегін және жеңідікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бойынша әлеуметтік педагогтың жұмыс жүйесі ұйымдастырылды.

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасылар, алған табысы туралы құжаттар жан басына шаққанда орташа табысы күн көріс деңгейінен төмен отбасылар, отбасында тәрбиеленетін жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға санаттағы тегін тамақтану ұйымдастырылды. Биылғы жылы түрлі санаттағы тегін тамақтанатын оқушылар саны 68 жетті және де күннен күнге артып келеді.

***"Рұқсат беру функцияларын іске асыру»***

«Ғ. Қайырбеков атындағы №9 ЖББМ» рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

***"Бақылау функцияларын іске асыру»***

«Ғ. Қайырбеков атындағы №9 ЖББМ» бақылау функцияларын іске асырмайды.

***"Мектеп ұжымының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»***

2021 жылғы 4 қараша мен 13 қаңтарды қоса алғанда мектепке жеке тұлғалардан 2 өтініш түсті, оның ішінде: 1 – өтініш, 1 – шағым. Өтініштердің сипатын талдау кезінде барлық өтініштер эпидемиалға байланысты білімді толықтыру мәселелеріне қатысты екендігі анықталды. (қанағаттандырылғаны – 2). Өтініштер қаралып, тиісінше жағдай жасалды, ал шағым бойынша жеке мұғалімдермен әдістемелік түсіндіру жұмыстары жүргізілді, ескерту жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. Мектеп ұжымының қызметкерлеріне мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтау. (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі» заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2 шілде 1998 ж №267 бұйрық заңдарын ескеру)

2. Жұмыс тобы баспа басылымдарында және мектеп сайтында, мектептің әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізеді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау және қызметкерлер, ата-аналар арасында түсіндіру жұмысын жүргізу.

Жұмыс тобының төрайымы:



Ахметова М.Н.

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

Ергалиева М.А.



Жортекина Г.А.